

Кейс: «Білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық»

Сыбайлас жемқорлық – қоғам мен мемлекет үшін қауіпті құбылыс, ол тек саясат пен мемлекеттік басқару саласына ғана емес, сондай-ақ басқа салаларға, соның ішінде білім беру саласына да тән. Қазақстан Республикасы «Қазақстан-2050» Стратегиясына¹, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына сәйкес, соның ішінде, білім беру саласында сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу және олармен күрес жүргізуге бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірқатар шараларды жүзеге асырады². Оған қоса, бұрынғысынша сыбайлас жемқорлық фактілері орын алуда.

Білім беру саласында сыбайлас жемқорлық төменгі және жоғары деңгейлерде орын алады және оқу үрдісінен көрініс табады. Мәселен, жоғары оқу орындарына қабылдау, оқуға түсу сынақтары, аралық және бітіру емтихандарын тапсыру кезінде және көптеген басқа жағдайларда. Жоғары деңгейде сыбайлас жемқорлық жоғары оқу орындарын аккредиттеу, лицензиялау жүйесімен, сондай-ақ білім беру жүйесін қаржыландыруға бюджет қаражаттарын бөлу жүйесімен байланысты.

«Jas Otan» жастар қанаты³ үш ай бойы қазақстандық ЖОО-ның студенттері арасында сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтауға арналған анонимді сауалнама жүргізді. «Таза сессия» акциясының алдында ЖОО-да сыбайлас жемқорлық фактілерін және олардың ішінде сыбайлас жемқорлыққа анағұрлым бой ұрғандарын анықтау міндеті тұрды. Анонимді сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің 12,5%-ы өздері бетпе-бет келгендіктен немесе достары мен басқалардан естігендіктен, ЖОО-да сыбайлас жемқорлық бар деп есептейді. Олардың 10,4% -ы өздері пара бергендерін мойындады.

Жиірек, нақтырақ айтқанда, 23,8% студент сыбайлас жемқорлық емтихандар мен сынақтар тапсыру кезінде кездеседі деп санайды.

1-кесте: Сыбайлас жемқорлық фактілері жиі кездесетін негізгі жағдайлар (4545 адам арасында өткізілген сауалнама деректері бойынша)⁴

Жағдай	Емтихандар мен сынақтарды тапсыру кезінде	Диплом жұмыстарын өткізу кезінде	Аралық емтихандарды тапсыру кезінде	Курстық жұмыстар мен жобаларды тапсыру кезінде
Сауалнамадан өткендердің % -ы	23,8	8,7	7,8	7,7

Халықаралық ұйымдардың түрлі есептерінде көрсетілгендей, білім берудің жүйелі проблемалары қаржыландырудың жетіспеушілігі, кадрлық проблемалар және сыбайлас жемқорлықтың кеңінен тарағандығы болып табылады. «Transparency International»-дың «Әлемдік сыбайлас жемқорлық барометрі» зерттеуіндегі ақпаратқа сәйкес Қазақстанның білім беру жүйесі сыбайлас жемқорлыққа бой ұрғандар рейтингісінде құқық қорғау және сот жүйелерінен кейін үшін орын алады. Өткен бес жыл ішінде орта білім жүйесінде республика бойынша сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар жасағаны үшін 508 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған 853 жағдай тіркелген.

Сұрақтар:

1. Білім беру саласында сыбайлас жемқорлық көріністерін азайтудың қандай шараларын Қазақстан Республикасында енгізу анағұрлым тиімді болмақ?

2. Өз көзқарасыңыз бойынша Қазақстан Республикасының білім беру саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың мүмкін болар жолдарын ұсыныңыз.

¹ «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан

² «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы

³ «Jas Otan» ЖК жүргізген әлеуметтік сауалнама, <https://strategy2050.kz/ru/news/korrupsiya-v-vuzakh-bolee-2-tysyach-studentov-priznalis-vo-vzyatochnichestve/> сайтынан алынды

⁴ <https://strategy2050.kz/ru/news/korrupsiya-v-vuzakh-bolee-2-tysyach-studentov-priznalis-vo-vzyatochnichestve/>